

Қ.ТОҚАЕВ: МЫҚТЫ МҰҒАЛІМ – САПАЛЫ ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысының дәстүрлі Тамыз конференциясынан сөйлеген сөзінен тезистер:



Наурыз айында өткен жалпыұлттық референдум нәтижесінде жаңа Халық Конституциясы қабылданды. Тұтас қоғам қолдаған Ата заң бірінші шілде күні күшіне енді. Бұл – еліміз үшін маңызы ерекше тарихи оқиға.

Бас құжатта тұңғыш рет білім саласына айрықша мән берілді, яғни адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамыту еліміздің стратегиялық бағыты ретінде айқындалды.

Өздеріңізге мәлім, осыдан екі жыл бұрын менің тікелей

тапсырмаммен «Келешек мектептері» жобасы бастау алды. Заманауи мектептердің жаңа стандарты пайда болды десек, артық болмайды. Алайда, біз әрбір өңірде, соның ішінде мектептерге сұраныс бар аудандарда сапалы оқу орындарының құрылысын міндетті түрде жалғастырамыз. Бұл – алдымызда тұрған мемлекеттік маңызға ие аса өзекті міндет. Уақытты созбай жұмысқа кірісуіміз керек, келесі жылы құрылыс барысы қарқынды болуы қажет».

TALIS-2024 (The OECD Teaching and Learning International Survey) зерттеуінің нәтижесіне сәйкес, Қазақстан мұғалімдердің беделін нығайту көрсеткіші жөнінен екінші орында тұр.

Ауыл мектебінен шыққан республикалық олимпиада жүлдегерінің саны 10 есе ұлғайды. Осылайша, қала мен ауыл мектебіндегі білім сапасының алшақтығы айтарлықтай азайып келеді. Алайда арқаны кеңге салуға әлі ерте, алдымызда көп жұмыс бар, оны тиімді атқаруымыз қажет.

Соңғы жылдары салынып жатқан мектептердің саны да едәуір көп. Осы жағдай педагог мамандарға деген сұранысты арттырып отыр. Бұл мәселе бойынша министрлік тын тәсілдер ұсынуға тиіс.

Созақ ауданындағы 150 млрд теңгелік жоба мыңға жуық адамды жұмыспен қамтып, минералдық тыңайтқыш өндірісін жаңа деңгейге көтермек

Түркістан облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдаланып, шикізатты терең өңдеуге бағытталған ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Созақ ауданында құны 150 млрд теңгені құрайтын, фосфоритті руданы өндіруден бастап, байыту және дайын өнім шығаруға дейінгі толық өндірістік циклді қамтитын заманауи зауыт салынууда.

Бұл жоба Мемлекет басшысының өңірлердің инвестициялық әлеуетін арттыру, отандық өндірісті дамыту, шикізатты терең өңдеп, жоғары қосылған құны бар өнім шығаруды ұлғайту жөніндегі тапсырмаларымен үндеседі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің экономикалық өсімін қамтамасыз етуде өңдеу өнеркәсібін күшейтіп, жаңа өндірістер ашудың және тұрақты жұмыс орындарын құрудың маңызын бірнеше рет атап өткен болатын.

Жобаны «Созақ Фосфат» ЖШС жүзеге асыруда. Оның негізгі мақсаты – жергілікті минералдық-шикізаттық базаны тиімді пайдаланып, фосфоритті руданы өндірістік өңдеудің толық тізбегін қалыптастыру.

Жуырда Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров «Sinorec» компаниясының вице-президенті Чжан Чжансинмен кездесіп, Созақ ауданындағы өндіріс орнының қазіргі жағдайы мен алдағы жұмыс жоспарын талқылады.

Облыс әкімі бұл жобаның өңір эко-

СОЗАҚТА ФОСФОРИТТІ ТЕРЕҢ ӨНДЕЙТІН ЗАМАНАУИ ЗАУЫТ САЛЫНУДА

номикасы үшін ғана емес, Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетін арттыру тұрғысынан да стратегиялық маңызы бар екенін атап өтті.

– Созақ ауданында іске асырылып жатқан фосфоритті руданы қайта өңдеу зауыты – тек өңір үшін ғана емес, жалпы еліміздің өнеркәсіптік және экономикалық дамуы үшін стратегиялық мәні бар ірі жобалардың бірі. Жоба іске қосылғаннан кейін мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Бұл жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға, өңірдің өндірістік әлеуетін күшейтуге және ел экономикасын дамытуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты зауыт құрылысының сапалы, белгіленген мерзімде және халықаралық стандарттарға сай жүзеге асырылуы аса маңызды, – деді Нұралхан Көшеров.

Әкімдік тарапынан инвесторға жобаны іске асырудың барлық кезеңінде қажетті қолдау көрсетілмек. Атап айтқанда, инфрақұрылымдық мәселелерді шешу, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және жобаны толық сүйемелдеу бағытында тиісті жұмыстар жүргізіледі.

Шикізаттан дайын өнімге дейін
Жоба «Индустрияландыру қар-



тасына» енгізілген. Мемлекеттік қорлар комиссиясының қорытындысына сәйкес, кен орнындағы фосфоритті руда қоры шамамен 1 млрд тонна. Руда құрамындағы фосфор мөлшері 20-30 пайыз шамасында.

Кәсіпорын толық қуатына шыққанда жылына 2 млн тонна фосфатты руданы байыту жоспарланып отыр. Сонымен қатар өндірісте 1,6 млн тонна күкірт қышқылы, 600 мың тонна фосфор қышқылы, 600 мың тонна диаммоний фосфаты (DAP), 600 мың тонна моноаммо-

ний фосфаты (MAP) және 350 мың тонна синтетикалық аммиак өндіріледі.

Өнімдер ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар, Қытай, Үндістан және жақын шетел мемлекеттеріне экспортталмақ.

Бұл ретте жобаның басты ерекшелігі – фосфоритті шикізат күйінде ғана шығармай, оны жергілікті жерде терең өңдеп, дайын химиялық өнімге дейін жеткізу. Мұндай өндіріс Қазақстандағы жоғары қосылған құны бар химия өнеркәсібін дамытуға, импортты алмастыруға және экспорт көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қытайлық компания технологиялық серіктес

Жобаның технологиялық бөлігін әзірлеу бойынша Қытайдың Sinorec Nanjing Engineering Co., Ltd. компаниясымен ЕРС-келісімшарт жасалған.

Қазір мамандар өндірістік алаң мен кен орнын қосымша зерттеп, керндер мен руда үлгілерін алуда. Шикізаттың сапалық және технологиялық сипаттамалары нақтыланып, қолданылатын технологиялық шешімдер верификациядан өтуде.

Жалғасы 2-ші бетте

ЕРЛАН ҚАРИН ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлан Тынымбайұлы Қарин Қазақстан Республикасының Вице-президенті болып тағайындалды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ерлан Қариннің кандидатурасын Вице-президент лауазымына ұсынды. Оның кандидатурасын Құрылтай мүшелері қолдап, оның жаңа қызметке тағайындалуына келісім берді.

Оңтүстіктің тумасы, бастыста білім алып, еңбек жолын Елордада шыңдаған Ерлан Карин қарапайым ұстаздықтан бастап бірқатар мемлекеттік қызметтің баспалдағынан жүріп өткен тәжірибелі тұлға.

Бұған дейін Ерлан Қарин Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары қызметін атқарған. Ол мемлекеттік саясат, қоғамдық даму және стратегиялық коммуникациялар саласында еңбек еткен.

Айта кетейік, Вице-президент лауазымы Қазақстанның жаңа Конституциясына сәйкес енгізілген мемлекеттік қызметтердің бірі.

«Айғақ»-ақпарат.

Жалғасы 4-ші бетте

СОЗАҚТА ФОСФОРИТТІ ТЕРЕҢ ӨНДЕЙТІН ЗАМАНАУИ ЗАУЫТ САЛЫНУДА

Техникалық-экономикалық негіздемені 2026 жылғы қазан айында аяқтау жоспарланған. Бұдан кейін жобалау жұмыстары жүргізіліп, инженерлік инфрақұрылым салынады. Теміржол тарту, сумен және электр энергиясымен қамтамасыз ету, қажетті жабдықтарды сатып алу және зауыт құрылысын жүргізу кезеңдері қолға алынбақ.

Жобаның жүзеге асырылу барысы жөнінде кездесуде «Саутс-Ойл» холдингінің президенті Серікжан Сейтжанов та баяндады.

Оның айтуынша, өндіріс орнына қажетті білікті кадрларды алдын ала даярлауға басымдық берілмек. Атап айтқанда, 300 жас маманды шетелде оқытып, жаңа өндірістің талаптарына сай мамандар корпусын қалыптастыру көзделіп отыр.

Мыңға жуық жаңа жұмыс орны

Зауыттың іске қосылуы Созақ ауданының ғана емес, тұтас Түркістан облысының экономикалық белсенділігін арттырмақ. Кәсіпорында 1000-ға жуық тұрақты жұмыс орны ашылады деп жоспарланған.

Жаңа өндіріс айналасында сервистік қызметтер, логистика, құрылыс, көлік және басқа да ілеспе салалардың дамуына жол ашылады. Бұл жергілікті халықты жұмыспен қамтуға және аудан экономикасының тұрақты өсуіне ықпал етеді.

Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандырумен қатар, өңірлерде жаңа жұмыс орындарын ашу, инвестициялық жобаларды нақты нәтижеге жеткізу және жергілікті кадрлардың біліктілігін арттыру міндеттерін алға қойған. Осы тұрғыдан алғанда, Созақтағы жоба – аталған міндеттерді бір арнаға тоғыстыратын ірі өндірістік бастама.

Сонымен бірге өндірістің іске қосылуы бюджет кірісін арттыруға да әсер етпек. Алдын ала есеп бойынша, кәсіпорын алдағы 10 жылда бюджетке 43,3 млрд теңгеге жуық салық түсімін қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Жобаны 2028 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Егер жоба белгіленген мерзімде толық іске асса, Түркістан облысында фосфоритті өндіруден бастап, оны терең өңдеп, минералдық тыңайтқыштар мен химиялық өнімдер шығаруға дейінгі жаңа өндірістік тізбек қалыптасады. Бұл – табиғи ресурсты тиімді пайдаланумен қатар, өңірдің индустриялық әлеуетін күшейтіп, Қазақстанның химия өнеркәсібіндегі экспорттық мүмкіндігін кеңейтетін маңызды қадам.

Ұлжан НАУШАБАЕВА.

Сарыағаш ауданында мыңдаған тұрғынды сапалы ауыз сумен қамтуға бағытталған ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шалғай елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және халықтың тұрмыс сапасын арттыру міндеттерін айқындаған. Осы тапсырмаларды орындау аясында Түркістан облысында елді мекендердің ауыз су жүйесін дамыту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

Бұл бағыттағы жұмыстар облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тұрақты бақы-
дулаевпен бірге Ақжар ауыл округіне қарасты Ақжар елді мекеніндегі ауыз су жүйесінің құрылысымен танысты.

Жоба 2025 жылғы тамызда басталған. Жалпы құны 1,84 млрд теңге болатын нысанның тәуліктік қуаты 327,4

текше метрді құрайды. Жоба толық іске қосылғанда ауылдағы 1040 жеке тұрғын үй орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі таңда су қоймасын қоршау, ауыз су желілерін тарту және су құдықшаларын орнату жұмыстары жүргізілуде. Жоба бойынша әртүрлі диаметрдегі су құбырлары тартылмақ.

Жұмыс сапары Сарыағаш қаласындағы «Самал-3» шағынауданында жалғасты. Мұнда тұрғындарды орталықтандырылған ауыз сумен қамтуға бағытталған жобаның жалпы құны 4,55 млрд теңге.

Қазіргі уақытта су құбырларын тарту жұмыстарының 60 пайызы орындалған. Сонымен бірге сыйымдылығы 2000 текше метр болатын су қоймасының

9 млрд теңгелік жоба ауыл шаруашылығы қалдықтарын кәдеге жаратып, жаңа өндіріс тізбегін қалыптастырады.

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге және өндірістік қалдықтарды тиімді кәдеге жаратуға бағытталған жаңа жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі – Ордабасы ауданындағы мал сүйектерін қайта өңдейтін заманауи зауыт.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы әртараптандыру, отандық өндірісті дамыту, шикізатты терең өңдеу және жоғары қосылған құны бар өнім шығару міндеттерін алға қойып келеді. Осы бағыттағы жұмыстар Түркістан облысында да жүйелі түрде жүргізілуде.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров Ордабасы ауданындағы «Huating Biotechnology Co., LTD» компаниясының май және желатин компоненттерін өндіретін зауытының құрылыс барысымен танысты.

Темірлан елді мекенінде орналасқан кәсіпорынның басты ерекшелігі – мал шаруашылығынан шығатын қалдықтарды қайта өңдеп, оларды экономикалық айналымға енгізу. Зауытта мал сүйектерінен май және желатин компоненттері өндірілмек.

Жоба жүзеге асқан жағдайда мал шаруашылығы қалдықтарын кәдеге жарату деңгейі артып, ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібі арасындағы өндірістік байланыс нығая түседі.

Жобаның жалпы инвестициялық құны 9 млрд теңгені құрайды. Оның бірінші кезеңіне 2,5 млрд теңге инвестиция салынған.

Бірінші кезеңді биыл қыркүйек айында іске қосу жоспарланған. Бұл кезеңде 30 адам жұмыспен қамтылып, жылына 5 мың тонна май және желатин компоненттерін өндіру көзделген.

Қазіргі таңда зауыттың құры-

бетондау жұмыстары толық аяқталған.

Жобаны «Сарыағаш-Аман» ЖШС жүзеге асыруда. Жұмыстарды биылғы желтоқсан айында аяқтау жоспарланған. Жоба толық іске асқанда шағын-

аудандағы 3021 тұрғын үй орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылады.

Қүркелес ауылдық округіне қарасты Ақүй елді мекенінде ауыз су нысанының құрылысы аяқталып, 2025 жылғы желтоқсанда пайдалануға берілген.

Бүгінде елді мекендегі ауыз су құбыры толық тартылып, су құдықшалары орнатылған. Мұнда жалпы сыйымдылығы 600 текше метр болатын екі су қоймасы, екінші деңгейлі сорғы станциясы салынған және нысан аумағы қоршалған.

Жылғада 6 мыңға жуық тұрғын қамтылды
Облыс әкімінің бірінші орынбасары Жылға ауылдық округіне қарасты Жылға елді мекеніндегі ауыз сумен қамту жағдайын да зерделеді.



ОРДАБАСЫДА МАЛ СҮЙЕКТЕРІН ӨНДЕЙТІН ЗАУЫТ БИЫЛ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

лыс-монтаждау жұмыстары аяқталып, негізгі технологиялық жабдықтар орнатылған. Бүгінде кәсіпорында іске қосылмақ жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Инвестор өндіріс көлемін алдағы уақытта одан әрі ұлғайтуды көздеп отыр. Соның ішінде мал қанын да кәдеге жаратып, одан қосымша өнім өндіру мүмкіндігі қарастырылуда.

Сонымен бірге сүйекті үгітіп, одан әртүрлі ыдыстар мен басқа да өнімдер жасау, сондай-ақ жем өндіру бағыттары зерделеніп жатыр.

Жоба үшін шикізат мәселесінің маңызы ерекше. Осыған байланысты облыс әкімі өңірдегі бордақылау алаңдарында жиналатын мал сүйектерін осы кәсіпорынға жеткізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Бұл ұсыныс жергілікті шикізатты тиімді пайдаланумен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің толыққанды тізбегін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Яғни мал шаруашылығынан алынатын өнімнің тек ет бөлігі ғана емес, өндірістік қалдық саналатын сүйек пен өзге де компоненттер қайта өңдеуге тартылып, қосымша экономикалық құн қалыптастырады.

Мұндай тәсіл өңірде қалдықсыз немесе қалдығы барынша аз өндіріс қағидаттарын енгізуге, кәсіпорындардың

өзара кооперациясын күшейтуге және ауыл шаруашылығы саласының тиімділігін арттыруға жол ашады.

Кездесу барысында облыс әкімі зауытты белгіленген мерзімде іске қосудың маңыздылығына тоқталды.

Нұралхан Көшеров жауапты басқарма басшылары мен аудан әкіміне кәсіпорынды қажетті инженерлік инфрақұрылыммен толық қамтамасыз ету мәселесін жедел шешуді тапсырды.

Инвестициялық жобаларды уақытында іске қосу, кәсіпкерлерге қажетті жағдай жасау және жаңа өндірістердің тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік беру – өңірдің экономикалық әлеуетін арттырудың маңызды тетіктерінің бірі.

Ордабасы ауданындағы жаңа зауыттың іске қосылуы осы бағыттағы жұмыстардың нақты нәтижесіне айналмақ.

9 млрд теңгелік жобаның толық жүзеге асуы ауданның өңдеу өнеркәсібін дамытуға, мал шаруашылығы қалдықтарын кәдеге жаратуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті шикізатты экономикалық айналымға кеңінен енгізуге мүмкіндік береді.

Ең бастысы, өндіріс іске қосылғаннан кейін ауыл шаруашылығы қалдықтары қосымша құны бар өнімге айналып, өңірде жаңа өндірістік тізбектің қалыптасуына негіз қаланады.

Осы мәселені шешу үшін аудан әкімдігі тәулік бойы сумен қамтамасыз етуге бағытталған Жол картасын бекітті. Құжатқа сәйкес Жылға елді мекенінің ауыз су жүйесін «Р-1» магистралды су құбырына қосу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

Сараптамадан кейін құрылыс жұмыстарын қаржыландыруға республикалық және облыстық бюджеттерден қаражат бөлу жөнінде ұсыныс енгізілмек.

Жұмыс сапары Жылға ауылдық округіне қарасты Шеңгелді елді мекенінде аяқталды. Бүгінде құрылыс нысанында 60 метр су ұңғымасы қазылды. Сондай-ақ ауыз су құбырлары толығымен тартылды және 150 дана су құдықшалары орнатылды. Су қоймасы орны нақтыланып, құрылыс жұмыстары басталады.

Бұл – Мемлекет басшысының халықты сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын кезең-кезеңімен орындауға бағытталған жүйелі жұмыстың көрінісі.

Жаңа оқу жылы қарсаңында білім беру ұйымдарының санитариялық-эпидемиологиялық жағдайына, ғимараттардың, инженерлік коммуникациялардың, ас блоктары мен медициналық пунктiлердiң қауiпсiздiгiне ерекше назар аударылады. 2025 жылғы 4 желтоқсанда Мемлекет басшысы мемлекеттiк бюджеттен қаржыландырылатын, балалар болатын объектiлерге мемлекеттiк бақылау жүргiзудiң ерекше тәртiбiн көздейтiн Заңға қол қойды. Ол 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгiзiлдi. Бұл туралы ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетiнiң төрағасы Сархат Бейсенова ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында мәлiмдедi.

КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАНДАР ЖАЛДАМАЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙДІ ӨЗДЕРІ ТАҢДАЙ АЛАДЫ

Қазақстанда ауылдық елді мекендерде жалға берiлетiн тұрғын үйдi ұсыну тәртiбi өзгередi. 31 тамыздан бастап тұрғын үйге мұқтаждар есебiнде тұрған азаматтар өз ауданының аумағынан қолайлы баспананы өздерi таңдап, оны алуға өтiнiм бере алады, деп хабарлайды ҚР Өнеркәсiп және құрылыс министрлiгi.

Бұл мемлекеттiк бюджет қаражаты есебiнен жергiлiктi атқарушы органдар салған немесе сатып алған тұрғын үйлерге қатысты. Жаңа тетiк бойынша алғашқы өтiнiмдер 2026 жылғы 1-7 қыркүйек аралығында baspana.otbasybank.kz порталы арқылы қабылданады. Өтiнiмдi тиiстi ауданда тұрғын үйге мұқтаждар есебiнде тұрған азаматтар электрондық цифрлық қолтаңба арқылы бере алады.

Өтiнiмдердi қабылдау аяқталғаннан кейiн Отбасы банк тұрғын үй алушылардың тiзiмiн қалыптастырады. Баспананы бөлу кезiнде кезекке қойылған күнi, отбасының соңғы алты айдағы табыс деңгейi мен құрамы, сондай-ақ өтiнiш берушiнiң әлеуметтiк мәртебесi ескерiледi. Мемлекеттiк тұрғын үйдiң кемiнде 20%-ы жетiм балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, кемiнде 50%-ы әлеуметтiк осал санаттағы азаматтарға берiледi.

Тағы бiр өзгерiс 2026 жылғы 14 қыркүйектен бастап күшiне енедi. Үйдiң немесе пәтердiң бөлме санын айқындау кезiнде отбасы құрамы ескерiледi. Атап айтқанда, ерлi-зайыптыларға, ата-аналарға, сондай-ақ әртүрлi жыныстағы балаларға жеке бөлме беру талаптары қарастырылған.

Бұл тәртiп тұрақты негiзде қолданылады.

СПОРТТЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯЛАРДЫ ЖАСАҚТАУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТӘРТІБІ ЕНГІЗІЛДІ

Елiмiзде алғаш рет Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада және басқа да iрi халықаралық жарыстарға баратын ресми спорттық делегациялардың құрамын жасақтаудың бiрыңғай тәртiбi бекiтiлдi.

Туризм және спорт министрлiгi бекiткен жаңа талаптар ұлттық құрамалардың халықаралық жарыстарға қатысуын тиiмдi ұйымдастыруға, бюджет қаражатын ұтымды пайдалануға және делегация құрамын оңтайландыруға бағытталған.

Бұған дейiн спортшылармен бiрге жарыстарға баратын жаттықтырушылар, мамандар мен өзге де өкiлдердiң санына қатысты бiрыңғай талап болмаған. Ендi олардың саны спортшылардың санына, жарыстың деңгейi мен ерекшелiгiне, сондай-ақ ұлттық құраманың нақты қажеттiлiгiне қарай белгiленедi.

Өкiлдердiң үлесi мына формула бойынша есептеледi: өкiлдер саны / спортшылар саны Ч 100%.

Туризм және спорт министрлiгi мен Спорт және дене шынықтыру iстерi комитетi өкiлдерiнiң санына да шектеу қойылған. Жазғы Олимпиадада министрлiк өкiлдерiнiң үлесi 3%-дан, ал комитет өкiлдерiнiң үлесi 2%-дан аспайды. Қысқы Олимпиадада бұл көрсеткiштер тиiсiнше 10% және 8%-ға дейiн жетедi. Бұл қысқы ұлттық құраманың саны жазғы құрамамен салыстырғанда аз

болуымен байланысты. Сондықтан iлесiп жүретiн мамандардың саны бiрдей болған жағдайда, олардың жалпы делегациядағы үлесi жоғары болады.

Ең жоғары үлес жаттықтырушылар құрамына қарастырылған. Олардың қатарына бас және аға жаттықтырушылар, жеке жаттықтырушылар, сервис-жаттықтырушылар мен жаттықтырушы-кеңесшiлер кiредi. Мамандар спорт түрiнiң басымдығы мен жүлдеге таласу мүмкiндiгi ескерiле отырып iрiктеледi. Жазғы Олимпиадада олардың үлесi 86%-ға дейiн, ал қысқы Олимпиада мен Паралимпиадада 100%-ға дейiн жетуi мүмкiн. Бұл кей жағдайда спортшылар санына шаққанда олармен бiрге баратын жаттықтырушылар мен мамандар саны спортшылар санына тең болуы мүмкiн дегендi бiлдiредi.

Олимпиадалық даярлау орталықтары, спорт федерациялары және басқа да жауапты ұйымдар өкiлдерi үшiн бұл көрсеткiш жазғы Олимпиадада 12%-ға дейiн, қысқы ойындарда 20%-ға дейiн белгiленген.

Жаңа талаптардың негiзгi мақсаты – спорттық делегациялардың оңтайлы құрамын қалыптастырып, спортшылардың жарыстарға сапалы дайындалуына қажеттi жағдай жасау және ұлттық құрамаларға халықаралық аренада тиiмдi қолдау көрсетудi қамтамасыз ету.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҒИМАРАТТАРЫ КЕНЕТТЕН ТЕКСЕРІЛЕДІ

Оның айтуынша, жаңа механизм тиiстi объектiлердiң қауiпсiздiгiне мемлекеттiк бақылауды күшейтуге мүмкiндiк бердi. Оның iшiнде объектiлерге барып мониторинг жүргiзу және алдын ала хабарламай, кенеттен тексеру жүргiзу мүмкiндiгi қарастырылған.

«Ағымдағы жылдың маусым айында осы тетiк аясында бiлiм беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығына мониторинг жүргiзiлдi. Мониторингпен мектептердiң 99%-ы, мектеп ас блоктарының 95%-ы, медициналық пункттердiң 96%-ы және мектеп-интернаттардың 99,2%-ы қамтылды. Мониторинг нәтижесiнде көптеген объектiде санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың бұзылғаны

анықталды. Олардың бiр бөлiгiн бiлiм беру ұйымдарының басшылары жаңа оқу жылына дайындық барысында өз күштерiмен жоя алады және бұл үшiн қомақты қаржы қажет емес», – дедi спикер.

Сонымен қатар жою үшiн қаржылық ресурстарды қажет ететiн бұзушылықтар да бар. Ең алдымен, бұл инженерлiк желiлердi, шатырларды, желдету, жылыту және сумен жабдықтау жүйелерiн жөндеу, сондай-ақ ас блоктары мен медициналық пунктiлердi жөндеу және қажеттi құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мәселелерi. Осыған байланысты бюджет бағдарламаларының өкiмшiлерiне анықталған бұзушылықтарды жою үшiн қаржы бөлу

қажеттiлiгi туралы 287 мектеп пен 11 мектеп-интернатқа қатысты 24 жеке ұсыным енгiзiлдi.

Мониторинг нәтижесiнде 2 087 ас блогында бұзушылықтар анықталды. Оның iшiнде 1 168 мектептiң ас блогында және 45 мектеп-интернаттың ас блогында санитариялық-техникалық жағдайдың қанағаттанарлықсыз екенi және технологиялық әрi тоңазытқыш жабдықтардың жеткiлiксiздiгi анықталды. Бұзушылықтардың көбi Түркiстан облысында -259, Қарағанды облысында – 163, Алматы қаласында – 123 және Қызылорда облысында - 115 анықталды. Бұл – мiндеттi түрде жойылып, тұрақты бақылауда болуы тиiс мәселелер.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК САЛАСЫНДА СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ АВТОМАТТАНДЫРЫЛУДА



Еліміздің жаңа Конституциясында алғаш рет зияткерлік меншік заңмен қорғалатыны туралы ереже бекітілді.

Бұл норма Негізгі Заңда көзделген адамға бағдарланған тәсілге сәйкес келеді және мемлекеттің дамуындағы адамның зияткерлік және шығармашылық әлеуетінің артып келе жатқан маңызын көрсетеді. Бүгінде зияткерлік меншік жүйесін дамыту шығармашылыққа, инновацияларға және технологиялық дамуға жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл ретте құқықтық қорғауды қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар құқықтарды іс жүзінде тиімді іске асыру да ерекше маңызға ие. ҚР Әділет вице-министрі Ботагөз Жақселекова ОКҚ алаңында

өткен баспасөз конференциясында осылай деді.

Оның айтуынша, осындай бағыттардың бірі – авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық басқару жүйесін жетілдіру. Бұл салада Әділет министрлігі туындыларды пайдалануды есепке алу, сыйақыны бөлу және төлеу процестерінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған Бірыңғай цифрлық платформаны іске асыруда.

Осы тұрғыда 2026 жылдың Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жариялануының символдық мәні бар.

«2025 жылғы 24 қарашада Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен то-

лықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды, ол 2026 жылғы 24 қаңтарда күшіне енді. Заңның негізгі жаңалықтарының бірі - зияткерлік меншік саласындағы Бірыңғай цифрлық платформаны құру және енгізу. Платформа құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың (ҚҰБҰ) қызметінің ашықтығын, сондай-ақ жиналған сыйақыны өділ бөлу мен төлеуді қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Платформа немесе қысқаша БЦП авторларды және құқық иеленушілерді, ҚҰБҰ мен туындыларды пайдаланушыларды бірыңғай цифрлық ортада біріктіреді. Платформада шарттар жасасу, туындылардың пайдаланылуын есепке алу, есептілікті ұсыну, сыйақыны бөлу және төлеу процестері кезең-кезеңімен автоматтандырылады», – деді вице-министр.

Платформаны үш кезеңде енгізу көзделген. Қаңтарда басталған бірінші кезең радиостанциялар, телеарналар, кабельдік және спутниктік операторлар мен таза тасымалдағыштар саласын қамтиды.

2026 жылғы 1 шілдеден басталған екінші кезең театрларды, филармониялар мен кино-театрларды қамтиды. Үшінші – ең ауқымды кезең кафелерді, мейрамханаларды, сауда орталықтарын, қонақүйлерді және бизнестің басқа да санаттарын қамтиды.

АЛҒАШҚЫ ЖОБА: БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШҰБАТ

Қыркүйек айынан бастап Жаңаөзен қаласындағы 25 мектептің оқушыларына түйе сүтінен дайындалатын дәстүрлі сусын – шұбат беріледі. Бұл – ұлттық сусынды мектеп оқушыларының тамақтану рационна жүйелі түрде енгізуге бағытталған Қазақстандағы алғашқы жоба, деп хабарлайды Маңғыстау облысының әкімдігі.

Жоба, ең алдымен, балалардың денсаулығын нығайтып, олардың табиғи әрі сапалы өнім тұтынуын қамтамасыз етуге бағытталған. Құнарлы сусынның құрамында ақуыз, кальций, фосфор, В тобының дәрумендері және ағзаға қажетті өзге де пайдалы заттар бар.

Жоба жаңа өндіріс орнының іске қосылуымен жүзеге асып отыр. Жалпы аумағы 300 шаршы метр болатын өндірістік алаң жылына 400 тонна өнім өндіруге қауқарлы.

Кәсіпорында түйе сүтін қабылдау және өңдеу, шұбат дайындау, өнімді құю және сақтау процестері жолға қойылған. Жаңа өндірістің

іске қосылуы жергілікті түйе шаруашылығы қожалықтары үшін де жаңа мүмкіндік ашып, олардың өнімдеріне тұрақты сұраныс қалыптастыруға жол береді.

Биыл 12 қаңтарда «Жаңаөзен сүт зауытында» құрғақ түйе сүтін өндіретін цех іске қосылған болатын. Шұбат өндіру және құюға арналған жаңа цехтың ашылуы кәсіпорынның өндірістік қуатын арттыру бағытындағы жұмыстың жалғасы болды.

Осылайша, Маңғыстау өңірі елімізде алғашқылардың бірі болып маңызды қадам жасап, ұлттық сусынды мектеп тағамтану жүйесіне енгізіп отыр. Қыркүйек айынан бастап Жаңаөзен қаласындағы 25 мектептің оқушылары жергілікті жерде өндірілген табиғи шұбатпен қамтамасыз етіледі. Бұл бастама балалардың денсаулығына қамқорлық жасаумен қатар, отандық өндірісті, ауыл шаруашылығын және түйе шаруашылығын дамытуға, сондай-ақ ұлттық тағам дәстүрін дәріптеуге бағытталған.

Бірақ облыстағы жағдайды дағдарыс деп те айтуға болмайды. Мәселе мынада: облыста білім алып жатқан оқушылардың 75 пайызға жуығы ауылда тұрады. Олардың жан-жақты және қарқынды дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Қажетті инфрақұрылым салып, шалғай елді мекендерге мықты мамандарды тартқан жөн.

Бұл – Үкіметтің және өкімдіктердің алдында тұрған жедел міндет, жұмысты жоспарлы түрде тездетіп атқарып, нақты нәтижелерге қол жеткізу қажет.

Жалпы, төмен нәтиже көрсеткен барлық аймақтың өкімдері бұл бағыттағы жұмысты күшейтуі керек. Үкіметке осы жұмысты тиімді үйлестіруді тапсырамын.

Үкімет білім жүйесінің тиімділігін арттыра түсетін жан-жақты зерттелген шешімдер ұсынуға тиіс. Бұл мәселеде жетістікке ие болған мектептер мен даму институттарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланған жөн.

Құзырлы министрлік орта білімнің мазмұнын заман талабына сай жаңғыртуы қажет. Мысалы, тарихи аңыздар мен шындыққа сай келмейтін оқиғалардың орнына өскелең ұрпаққа ілгерілеуге, прогреске бағытталған пәндерді оқыту қажет. Ал тиісті бағдарламаларды даярлау, бұл – министрліктің жедел мақсаты.

«Келешек мектептері» инновациялық шешімдерді енгізу және ұлттық білім беру үлгісін қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқаруы керек. Осы орайда Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына зор жауапкершілік жүктеледі.

Алдағы үш жыл ішінде «Келешек мектептері» білім берудің озық тәжірибелерін сынақтан өткізетін орталыққа айналуға тиіс.

Осы оқу жылында дарынды балаларды қосымша ынталандыру шараларын қабылдауды тапсырдым. Олимпиададағы табыстарына ғана емес, ғылыми жобалар байқауындағы жеңістері үшін де ақшалай сыйақы беріледі.

Жаңа стартаптар ашылып, алғашқы «сыңармүйіз стартаптар» пайда болды. Осы тәжірибені кеңейту үшін білім беруді басты орынға қоятын инновациялық экожүйе құру қажет. Сол себепті Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында саланы басқарудың платформалық үлгісіне көшу басталды.

Әсіресе, соңғысы өте маңызды. Педагогтерді ығыр қылатын қағазбастылықтан, бітпейтін есептен, аттестациядан өту талабынан және басқа да пайдасыз тексерістерден босату керек.

Мұғалімдерді жөндеу жұмыстарына, оқу процесіне тікелей қатысы жоқ түрлі қоғамдық іс-шараларға тартқаны туралы жаңалықтар ара-тұра шығып жатады. Бұл жөнінде әлдеқашан келіскенбіз. Бұған жол беруге болмайды.

Оқу-ағарту министрлігі мен өкімдіктер басқармалары, ең алдымен, құқықтық-нормативтік актілер мен саланы реттеу базасын жетілдірумен, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырумен және білім беру бағдарламаларын мұқият саралаумен айналысуы қажет.

Өлгінде ғана тексерілмеген тарихи деректер мен оқиғалар сипатталатын, балаларға жалған «қаһармандар» мен олардың «ерлігі» жөнінде әңгімелейтін аңыздар енген оқу материалдарын қайта қарау қажет екенін айттым. Жалған, ойдан құрастырылған мәліметтер тарату арқылы балаларды отаншылдыққа тәрбиелеу жақсылыққа апармайды. Бұл халқымыздың ар-ұжданына қайшы.

Жастарымыз өз халқының тарихын дұрыс түсіне отырып, болашаққа үмітпен және сеніммен қарауға тиіс. Еліміздің жастары оптимист болып, еңсере алмайтын қиындық жоқ екенін білуі қажет. Біз өз күш-қуатымызға сенетін, мықты ұлтқа айналуымыз керек. Мұң, қайғы, күйзеліс – жастарымызға жат нәрсе болуға тиіс».

Балалар мен педагогтердің жасанды интеллектіні жүйелі әрі дұрыс қолдану тәртібін белгілейтін пәрменді шараларды

шұғыл қабылдау қажет.

Бізге цифрлық мемлекеттен цифрлық халық экономикасы деген түсінікке көшу қажет. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект пен оның мүмкіндіктері ермек емес, кіріс көзі болуға тиіс.

Жоғары білім саласында жасанды интеллектіні пайдаланудың этикалық, құқықтық және ұйымдастыру ерекшеліктерін ескеретін ортақ стандарт бар. Үкімет дәл осындай стандартты орта және кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне де енгізуі қажет.

Жаңа формация мамандарын даярлауды орта білімнен бөліп қарауға болмайды. Төменнен жоғары қарай біртұтас жүйе болғаны жөн. Осы орайда, 18 жасқа толған жасөспірімдердің мектеп партасында отырғаны қаншалықты дұрыс деген орынды сауал туады. Әдетте Назарбаев зияткерлік мектептерінде және жекеменшік білім ошақтарында солай қалыптасқан. Қазіргі балалар физиологиялық тұрғыдан тез жетілетінін ескерсек, бұл қаншалықты ақылға қонымды? Министрлік осы мәселені қарастырып, қажет болса тиісті шешім жолдарын ұсынады деп ойлаймын.

Қыркүйекте Жасанды интеллект университеті ашылады. Бірақ бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Үкімет Қытайдың жаңа технологияларды меңгерудегі жетістігі мен тәжірибесін ескере отырып, Астанада Қазақстан-Қытай жасанды интеллект мектебін

Қ.ТОҚАЕВ: МЫҚТЫ МҰҒАЛІМ — САПАЛЫ ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысының дәстүрлі Тамыз конференциясынан сөйлеген сөзінен тезистер:

ашу мәселесін пысықтағаны жөн».

Қазіргі жағдай 2018 жылы қабылдаған «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Заңды қайта қарауды және елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Үкімет 16 жасқа толмаған пайдаланушыларға әлеуметтік желіде тіркелуге тыйым салатын заң жобасын әзірледі (биыл маусым айында Парламент қарауына ұсынылды). Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында депутаттарға осы мәселені қарастыруды ұсынамын.

Көптеген озық елдер осы іспеттес шаралар қабылдады. Бізге де балалардың психологиялық жай-күйіне төнген қауіптің салдарымен күресуді доғарып, алдын алатын кез келді деп ойлаймын. Әйтпесе бұл қоғамның тұрақтылығына кері әсерін тигізеді.

Үкімет балаларды қорғау мақсатында мазмұнды (контентті) сүзгіден өткізу шараларын қабылдағаны жөн. Белгілі бір, мейлінше объективті себептерге байланысты жауапкершілікті ата-аналарға ғана артып қоя алмаймыз.

Сондықтан балаларға арналған міндетті SIM-карталарды енгізу тәжірибесін жаппай таратуды тапсырамын. Бұл олардың ақпараттық иммунитетін қамтамасыз ете алады».

Президент Үкіметке фаст-фудтың агрессивті жарнамасына қатысты проблеманы мұқият зерделеуді тапсырды

«Тағы бір мәселе. Фаст-фудтың агрессивті жарнамасы қаптап кетті. Тез ішіп-желінетін тағам зиянды әдет қалыптастырады, денсаулық сақтау жүйесіне салмақ түсіреді, еліміздің еңбек күші әлеуетіне теріс әсер етеді.

Дәрігерлердің бақылауында қант диабетіне шалдыққан 7 мыңға жуық бала бар. Олардың саны көбеймесе, азайып жатқан жоқ.

Көптеген ел құрамында май, қант және тұз мөлшері жоғары өнімдердің жарнамасына тыйым салады немесе шектеу қояды.

Бұл өте күрделі мәселе. Түрлі шетін тұстары, пікірталастарға негіз болған медициналық, тіпті саяси астары бар. Дегенмен

Үкімет, ең алдымен, балаларымыздың саулығын ойлап, аталған проблеманың ұңғыл-шұңғылын мұқият зерделеуі керек».

Мемлекет басшысы: «Мектептер сапалы біліммен қатар тағылымды тәрбиенің ошағы болуы керек»

«Бала тәрбиесі мәселесіне баса мән беру қажет.

Қоғамда заң мен тәртіпке, тазалыққа, мәдениеттілікке негізделген жаңа этика қалыптастыру ісі дәл осы маңызды миссияны жүзеге асырудан басталады.

Қазір елімізде 7 миллионға жуық бала бар. Жастармен қоса есептегенде олардың үлесі халық санының жартысына жуықтайды.

Еліміздің келешегі жарқын болсын десек, ең алдымен, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Жастардың бойына отаншылдық, білімпаздық, еңбекқорлық құндылықтарын сіңіруіміз қажет.

Әйтпесе, салынған мектептерден, білім саласындағы инновациялық шешімдерден еш нәтиже болмасы анық. Бұл тұрғыдан алғанда, оқу-ағарту саласы айрықша рөл атқаратыны баршаға мәлім.

Мектептер сапалы біліммен қатар тағылымды тәрбиенің ошағы болуы керек. Балалар мектепке зор ынтамен баруы қажет. Олар мектепті білім алатын, құрдас-

Қ.ТОҚАЕВ: МЫҚТЫ МҰҒАЛІМ — САПАЛЫ ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысының дәстүрлі Тамыз конференциясынан сөйлеген сөзінен тезистер:

тарымен араласатын және өміріндегі ең тамаша жылдарды – балалық пен жастық шақтың шынайы ғажап кезеңдерін өткізетін өз үйіндей қабылдауға тиіс. Қалай болғанда да, жағдай дәл солай болуы қажет».

Оқу бағдарламасына «Конституция негіздері» және «Заң мен тәртіп» курстары енгізіледі

«Менің тапсырмам бойынша осы жылдан бастап мектептерде «Құқық негіздері» пәні оқытылатын болды. Бұдан бөлек, оқу бағдарламасына «Конституция негіздері» және «Заң мен тәртіп» курстары енгізіледі.

Негізгі мақсат: тек заңды сақтайтын, Конституцияны сыйлайтын жастар ғана жарқын келешекке, мол табысқа қол жеткізеді, түсінікті тілмен айтсақ, бақытты өмір сүреді. Ал заңға немқұрайлы қарайтын, заң ережелерін бұзып жүрген жастар қылмыстық жазасын алып, өз өміріне балта шабуда.

Өкінішке қарай, бұл өте қарапайым ақиқатты көптеген жас азаматтар білмейді де, түсінбейді де. Біздің міндет – оларға өмірдің осы шындығын түсіндіріп айту.

Жалпы, оқулықтардың мазмұны заман талабына, сондай-ақ, жаңа Конституция идеяларына сай болғаны өте маңызды. Осы міндеттің сапалы әрі уақтылы орындалуына Үкімет пен тиісті министрлік тікелей жауапты».

Мемлекет басшысы: «Біз тұтас қоғам болып, балаларға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруымыз керек»

«Сондай-ақ өскелең ұрпақты табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу қажет.

Мен бұған дейін мектептер мен жоғары оқу орындарына экологиялық ағарту саласының бірыңғай стандарттарын енгізу қажеттігі жөнінде айттым. Үкімет бұл жұмысты жыл соңына дейін аяқтауға тиіс.

Сонымен қатар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қолданыс аясын кеңейте түсу керек. Қазір бұл бағдарлама, негізінен, орта білім саласында ғана жүзеге асырылып жатыр.

Ұрпақ тәрбиесі – ел тағдырына тікелей

әсер ететін аса маңызды міндет. Дегенмен осы мәселеге келгенде барлық жауапкершілікті тек мектептерге артып қою дұрыс емес.

Біз тұтас қоғам болып, балаларға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруымыз керек. Ең маңызды мақсат: Конституцияның негізгі қағидаттары ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі болуға тиіс. Жастарымыз Конституцияны жақсы білуі қажет.

Сонда ғана қоғамымыз өркениетті, білімді, ұқыпты, ал еліміз өте дамыған әрі озық болатынына күмән жоқ».

Президент: «Астанада, Алматыда және бірқатар облыс орталығында балаларға арналған Жаратылыстану музейін ашу орынды деп санаймын»

«Кітап оқу мәдениетін насихаттауға айрықша назар аударған жөн.

Биыл тиісті Жарлыққа қол қойдым. Үкімет осы жұмысқа қоғам белсенділерін, шығармашылық пен ғылыми қауымдастық өкілдерін, журналистер мен кәсіпкерлерді көптеп тартқаны жөн.

Балалардың ғылымға қызығушылығын оятпасақ, адам өлеуетін нығайту мүмкін емес.

Бұл істе оқушыларға арналған ғылыми музейлер мен зерттеу орталықтары маңызды рөл атқаратынын әлемдік тәжі-

Қ.ТОҚАЕВ: МЫҚТЫ МҰҒАЛІМ — САПАЛЫ ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысының дәстүрлі Тамыз конференциясынан сөйлеген сөзінен тезистер:

рибе көрсетіп отыр. Дәл осындай алаңдар оқушыларға білімін іс жүзінде қолданып көруге, тәжірибе жүргізуге, ғалымдардың еңбегімен танысуға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

Осы орайда Астанада, Алматыда және бірқатар облыс орталығында балаларға арналған Жаратылыстану музейін ашу орынды деп санаймын.

Екі жыл ішінде Астана, Алматы, Қызылорда қалаларында Президенттік кітапханалар өз жұмысын бастайды. Мұндай кітапханаларды Шымкентте және басқа да облыс орталықтарында салу жоспарда бар. Демеушілер аталған бастамаға қолдау білдіреді деп сенемін.

Конституциямызда көрсетілгендей, Қазақстан – зайырлы мемлекет. Сондықтан білім беру мекемелерін көбірек салуға, білім беру жүйесін дамытуға және жетілдіруге ден қояйық.

Өскелең ұрпақты өркениетті әрі жасампаз құндылықтар негізінде тәрбиелеу – ортақ парызымыз. Мемлекет, ұстаздар және ата-аналар күш біріктіргенде ғана балаларымыздың үйлесімді дамуына барлық жағдайды жасай аламыз, басқаша айтқанда, жарқын болашағына жол ашамыз.

Тағы да айтып кетейін. Қазақ – кез келген сын-қатерді еңсеруге дайын жұрт, келешегіне сеніммен қарап, алға қарай батыл қадам басатын нағыз жеңімпаз ұлт. Өткенге өкпе артып, тарихтағы сәтсіздіктер үшін басқа халықтар мен мемлекеттерді айыптау – болмысымызға мүлдем жат дүние. Біз өскелең ұрпақты осындай кеселден, теріс түсініктен сақтауымыз керек.

«Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның тірегі болатын жауапты әрі адал азаматтарды тәрбиелеу – бізміздің ортақ міндетіміз. Біз озық ойлы ұлт қалыптастыру жолында бірлесе еңбек етуіміз керек.

Жоғарыдағы жетістіктер мен кемшіліктерді тізбектенегн Президент тамыз кеңесі соңында білім берудегі аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бірқатар педагогті мемлекеттік наградамен марапаттады.

Ақорда.

Конференцияны Жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті Әбдікәрім Зейнулин жүргізіп отырды. Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессоры Берекет Кәрібаев XVI–XVII ғасырлардағы тұлғаларды ғалымдар әлі толық танып білмегенін, ел аузындағы аңыздар аздық ететінін, тұлғаларды тану жолының қағидатын айтты. Ғалым сонау скифтер мен сармат, одан кейінгі сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпалары, оғыз-қыпшақ дәуірі, Алтын Орда, одан кейінгі қазақ хандығы дәуіріне тоқталды. Осылардың барлығы алғашқы ұлттық сипаттағы мемлекет болғанын тілге тиек етті. Конференцияға өзек болып отырған Өтебай би мен Барлыбай батыр осы хандық дәуірде өмір сүрген. Қиын қыстау кезеңде әр тайпадан, рудан шыққан батырлар елді қорғауды өз мойнына алса, жердің тұтастығын сақтау билердің қолында болған. Халық есімдерін құрметтеп, ұранға айналдырған.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің профессоры, академик Хангелді Әбжановтің айтуынша, батырлардың жарқырап көзге түскен заманы XVIII ғасыр. Бұл ғасырды Шоқан жауынгерлік заман, қанды қырғын заман деді. Уақытында ұлы батырлар, кіші батырлар да өзінің миссиясын орындап шыққан. Батырлардың қалдырған мұрасы – Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, ұлан байтақ жеріміз. Олар ұрпақтың болашағы үшін жанын құрбан еткен. Шоқанның еңбектерінде жиырмаға жуық ұлы батырдың аты аталады. Бұқар жырау жиырма шақты батырдың ерлігін жырға қосқан. «Бір жылдары «Қазақ батырлары» атты газет шығып тұрған. Онда батырлардың тізімі берілген. Санап көрсек, қазақ даласында батырдың саны бес мыңнан асады екен. Біздің батырлар өзінің тарихи миссиясын атқармаса, тәуелсіздігімізді сақтамас едік. Екіншіден, халық болып жер бетінде қалмас едік. Үшіншіден, осыншама жерді алып қалмас еді. XVIII ғасырда өмір сүрген Құлекебаласы Өтебай, Тауасарұлы Барлыбай – батыр әрі би болған» деп тарихи деректер келтірді.

1748 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның қазасына байланысты Барақ сұлтанға қатысты өткен билер сотына төрелік айтуға найманның бағаналы руынан Өтебай би арнайы шақырылған. Бұл туралы 1961 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының баспасынан жарық көрген «Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках» атты құжаттар жинағының 166-құжатында (427-бет) мәлімет келтірілген. 1748 жылы Әбілқайыр хан Барақ сұлтанның қолынан қаза тапқанда қазақ даласында азаматтық соғыс болып кете жаздайды. Осы бір қиын қыстау сәтте батырлар, билер соның ішінде Өтебай елшілікке жүріп, жанжалды тоқтатуға үлес қосады. Барлыбай батыр Абылай ханның тапсырмасын орындап, дипломатиялық мәселелерді шешуге араласқан екен.

Ұлы хан есімі ұлықталды

Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, академик Кәрімбек Құрманәлиев Барлыбай хан жөнінде дерекке тоқталды. «Барлыбай Тауасарұлы – XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде ел қорғаған ірі қолбасшылардың бірі болғаны тарихи құжаттарда айтылатынын тарихшы ғалымдардың еңбектерінен қанықпыз. Жасөспірім кезінде ол жекпе-жекте қалмақ батырын жеңіп, елге танылды. Осыдан кейін оны Кіші жүздің биі ел басқару

Ұлытаудың ТҰЛҒАЛАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Алтын Орданың мұрагері екенін атап өткені мәлім. Осыған орай Алтын Орданың кіндігі - Ұлытау облысының орталығы Жезқазған қаласында «Ұлы дала тарихындағы Ұлытау өңірінің XVII-XVIII ғасырлардағы көрнекті тұлғалары Өтебай би мен Барлыбай батыр тағылымы» атты халықаралық ғылыми-танымдық конференция өтті. Конференцияны Жаратылыстану ғылымдары академиясы мен Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті бірлесіп ұйымдастырды.

ісіне араластырып, болашақ көшбасшы ретінде тәрбиелейді. Жоңғарларға қарсы шайқастарға қатысып, қолбасшылық қабілетін танытады. Барлыбай тек батыр ғана емес, көреген саясаткер ретінде де ерекшеленген», дейді академик.

Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Орталық Азия және Таяу шығыс бөлімінің меңгерушісі Бағдат Даниярұлы Шығыс дерек көздері бойынша жұмыс істейтінін, қазақтың тарихи тұлғаларын сәйкестендіру мәселесін көтерді. Ол қазақ халқының тарихында аттас батыр өте көп екенін, мысалы Бөгенбай есімді сегіз батыр барын, олардың тарихта орны бар тұлғалар екенін қаперледі. «Әр батырдың тарихи орнын нақты анықтап алған жөн. Кейінгі кезде тарихи деректерде кездесетін есімдерді нақты тұлғамен байланыстыру қиындық туғызады. Тарихи оқиғалары араласып, әртүрлі жазыла береді, соны сәйкестендіру керек. Мысалы, Өтебай – XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген найман тайпасының бағаналы руынан шыққан беделді би. Бірақ бидің есімі бір деректерде сәл өзгеріске ұшыраған. Кіші жүздің шөмекей руының әскербасы болған Өтебай бар. Одан кейін Өтебас деген Әйтеке бидің бел баласы болған. Осыдан келіп тарихи оқиғалардың кейбіреуі ауысып жатады. Сондықтан найманнан шыққан Өтебай биді архив құжаттарынан бөлек, өзге де құнды құжат, қолжазба дерегіне сүйеніп, халықтың аузындағы аңыз әңгімелері бар, соларды салыстырып зерттеу керек. Халық арасында Барлыбай батырды зерттегендер кездеседі. Белгілі қаламгерлер Қуаныш Ахметов, Ақселеу Сейдімбектің еңбектерінде бар» дейді.

Тарих ғылымдарының докторы, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының

бас директорының орынбасары, профессор Жомарт Жеңісұлы оқу орны ұжымының айтқан бірнеше ұсынысын жеткізді. «**Ұлытау тарихы терең өлке, бірақ мәдени-ғылыми орталықтан шалғай жатыр. Сондықтан Ұлытауда аталған институттың алдымен өкілдігін, кейін филиалы ашылса және оған осы өңірдегі тарихшылар жұмылдырылса, үшінші Өтебай би мен Барлыбай батырдың ғұмыры мен қызметін зерттеу мақсатында магистранттар мен докторанттарға диссертациялық жұмыс жазуға тапсырма берілсе, оқу орны жетекшілік жасап, көмектесуге дайын. Қазақтың тұтас тарихы ру, тайпалардың ауылдардың өңірлердің тарихынан тұрады. Институт ғалымдары ежелгі заманғы Ұлытау өңірі тарихы туралы бестомдық кітап жазуға ұсыныс жасады. Жүзден аса ғалымдары, бай архиві бар институт бұл жобаны Ұлытау облысының өлкетанушыларымен, жалпы зиялы қауыммен бірлесе әзірлеуге дайын»** деді.

Модератор Әбдікәрім Әбдіжәлелұлы бұл ұсынысты Қаулы жобасына енгізуге болатынын айтты.

Мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлытау облысының құрметті азаматы Мұхамбет Жұманазарұлы ертеде ата-әжесінен естіген оқиғаны баяндады:

– Өтебай Құлекеұлы – жасынан тапқырлығымен танылған би. Арғын мен найманның игі жақсылары күрделі дауды бірнеше күн шеше алмай отырғанда, бала Өтебай келіп, дауға араласуға ниет білдіреді. Ақылгөй қарияның шақыруымен ортаға шығып, даудың мәнін тыңдап, әділ шешім айтады. Даудың түйіні – ат теуіп өлтірген балаға құн төлеу мәселесі еді. Өтебай бұл жағдайды жан-жақты саралап, нақты шарттар қояды. Егер бала үй босағасында өлсе – толық құн, үй сыртында болса – жарты құн, ал ауыл сыртындағы кермеде болса – құн төленбейді. Осы оқиғадан кейін оған «Қара бала» деген ат беріліп, ел ішінде абыройы арта түседі.

Белгілі журналист, «Айғақ» телерадиокомпаниясы ЖШС бас директоры Дулат Әбіш: «Арқа-лыққа жетпей Барлыбай хан кесенесіне бардық. Он бес жыл бұрын басына белгі қойған екен, одан кейін адам бармаған. Мүжіліп, құлайын деп тұр. Ескерткіште мемлекет қарауында деген жазу тұр. Осы ескерткішті қайта жаңғырту қолға алынса», деген пікірі ойландырды.

Жұлдыз ТОЙБЕК

«Егемен Қазақстан», 19 тамыз 2026 ж.
Ұлытау облысы

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ?

Президент отандық дәрілік заттардың көлемі мен ассортиментін арттыруды, сондай-ақ медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін бақылауда заманауи цифрлық құралдарын енгізуді тапсырды.

Бұл өзгерістердің басты мақсаты – дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің тұрақтылығын арттыру, медициналық көмекті халыққа барынша жақындату және денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру.

Соңғы үш жылда қазақстандық фармацевтикалық кәсіпорындардың өндіріс көлемі 37%-ға өсіп, 191 млрд теңгеге жетті. Оң динамика 2026 жылы да жалғасуда: бірінші жартыжылдықта дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды шығару 126,6 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 30%-ға артық.

Бүгінде елімізде 209 фармацевтикалық және медициналық өнім өндіруші, оның ішінде 43 дәрі-дәрмек шығаратын кәсіпорын жұмыс істейді. 2026 жылғы тамыздағы жағдай бойынша отандық өнімнің үлесі заттай түрде 40,3%-ға жетті. Қазақстандық компаниялар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың 2 994 атауын тіркеді.

Ассортимент те кеңейіп келеді: отандық кәсіпорындар бактерияға қарсы, жүрек-қан тамырларына арналған, ауырсынуды басатын және қабынуға қарсы препараттарды, орталық жүйке жүйесінің ауруларын емдеуге арналған дәрі-дәрмектерді және басқа да қажетті құралдарды шығарады.

Сонымен бір мезгілде ұзақ мерзімді сатып алу тетігі дамуда. 2026 жылдың басындағы мәлімет бойынша, 31 отандық өндірушімен 2 022 өнім атауын жеткізуге 83 шарт жасалған. Кәсіпорындар үшін бұл болжамды сұраныс пен қуаттылықты жүктеуді, өндірісті кеңейтуді және жаңа препараттарды шығаруды алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді. Дәрілік заттар GMP стандарттары бойынша шығарылады.

Саланың дамуына халықаралық фармацевтикалық компаниялар да араласуда. AstraZeneca, Pfizer және Roche компаниялары өндірісті локализациялау және технологияларды Қазақстанға беру жобаларына қатысуда. Фармацевтика өнеркәсібіне инвестициялар 2025 жылы 56%-ға өсіп, \$142,8 млн-ға жетті, 2026 жылдың I тоқсанында тағы \$7,1 млн тартылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша фармацевтикалық өндірістерді салу және кеңейту бойынша сегіз ірі жоба жүзеге асырылуда. Оларды іске қосу Қазақстанда алғаш рет онкологиялық, жүрек-қан тамырлары, аутоиммунды, орфандық және инфекциялық ауруларды, сондай-ақ қант диабетін емдеуге арналған препараттарды қоса алғанда, 494-тен астам дәрілік заттарды шығаруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, фармацевтика саласы өндіріс аясын кеңейту мен технологияларды локализациялаудан бастап, өңірлерде дәрі-дәрмектің қолжетімділігін арттыруға дейін бірнеше бағыт бойынша қатар дамып келеді.

Өндірісті локализациялау импортқа тәуелділікті азайтады және дәрі-дәрмектерді, соның ішінде қымбат және өмірлік маңызды препараттарды тұрақты жеткізуді қамтамасыз етеді. Жаңа кәсіпорындар Алматы, Шымкент қалаларында, сондай-ақ Алматы және Қарағанды облыстарында пайда болмақ. Сегіз жоба бойынша инвестициялардың жалпы көлемі 391,3 млрд теңгені құрайды, 1 200-ге жуық тұрақты жұмыс орны құрылады.

Жаңа өндіріс орындарында онкологиялық аурулар мен қант диабетін емдеуге арналған препараттар, вакциналар, орфандық, вирусқа қарсы, анальгетиктер, қабынуға қарсы және басқа да қажетті дәрілік заттар шығару жоспарлануда. Бұл импорттық өнімнің бір бөлігін өз өндірісімізбен алмастыруға және дәрілік қамтамасыз етудің сыртқы факторларға және әлемдік нарықтардың ауытқуларына тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік береді.

Дәрі-дәрмектердің нақты қолжетімділігі де басымдықтардың бірі болып қала бермек. Бүгінде Қазақстанда 10 мыңнан астам дәріхана ұйымдары бар, олардың 2,7 мың-ға жуығы ауылдық жерлерде орналасқан. Шалғайдағы елді мекендердің тұрғындары үшін 11 жылжымалы дәріхана пунктін жұмыс істейді.

Сонымен қатар дәріханалық қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптар да артып келеді. 2,1 мыңнан астам дәріхана дәрілік заттарды сақтау, беру және сапасын бақылау нормаларын сақтауды көздейтін тиісті дәріхана практикасы стандарттарына сәйкестігін растады.

Түптеп келгенде бұл шаралар дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің анағұрлым тұрақты жүйесін қалыптастырады, мәселен: отандық өндірісі өсуде, отандық препараттардың ассортименті кеңеюде, жаңа кәсіпорындар пайда болуда және өңірлерде дәрі-дәрмектерге қолжетімділік жақсаруда. Халық үшін бұл қажетті препараттармен тұрақты қамтамасыз етуді және сыртқы факторларға аз тәуелді болатындығын білдіреді.

Денсаулық сақтау жүйесін кадрлармен қамтамасыз ету және медицина қызметкерлерін қолдау

Кадрлық даму денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты жұмысының негізгі шарттарының бірі болып қала береді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша медицина қызметкерлерінің мәртебесін арттыру, мамандар даярлауды жетілдіру және кәсіби өсу үшін жағдай жасау жөніндегі шаралар жүзеге асырылуда.

Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде: отандық дәрі-дәрмек өндірісінің көлемі артып, өңірлердегі медициналық инфрақұрылым кеңейіп келеді, медицина кадрларының тапшылығы азайып, цифрлық технологиялар енгізілуде.

Бұл жұмыс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмалары аясында жүзеге асырылуда, деп хабарлайды [Primeminister.kz](https://primeminister.kz).



Медицина қызметкерлерін қорғауға айрықша мән берілді. 2026 жылдың басында медицина қызметкерлеріне жасалған шабуыл, қоқан-лоқы көрсету және басқа да агрессиялық әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейтетін Заң қабылданды. Медициналық ұйымдарда бейнежетондар мен заманауи бақылау жүйелері де енгізілуде.

Медициналық білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық та кеңейіп келеді. Атап айтқанда, Астана медицина университетінің базасында Пәкістан университетімен бірлесіп медициналық колледж ашу жоспарлануда.

Әлеуметтік қолдау шараларына ие болған дәрігерлер саны 2024 жылғы 796 адамнан 2025 жылы 1 760 адамға дейін өсті. Соның ішінде қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етілген мамандар саны өткен жылғы 259 адамнан 727 адамға дейін өсті, сондай-ақ көтерме жердемақылар төлеу жалғасуда.

Ауылдық жерлерді кадрлармен қамтамасыз ету басты басымдықтардың бірі болып қала береді. Ең тапшы бағыттар бойынша – жалпы дәрігерлік практика, Акушерлік және гинекология, педиатрия, анестезиология, реаниматология және тағы да басқа мамандарды тарту үшін – біржолғы төлем мөлшері екі есеге, 8,5 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. 2025 жылы мұндай қолдауды жалпы сомасы шамамен 4,5 млрд теңгені құрайтын 529 дәрігер алды. 2024 жылы бұл көрсеткіш 254 маман және 2,2 млрд теңге болған.

Медицина кадрларын даярлау, тарту және тұрақтандыру бойынша кешенді шаралар қазірдің өзінде айтарлықтай нәтиже беруде. 2023 жылмен салыстырғанда елдегі дәрігерлер тапшылығы 20%-ға, ал орта медицина қызметкерлерінің тапшылығы 7%-ға қысқарды. Ауылдық жерлердегі динамика одан да айқын: дәрігерлер тапшылығы 30%-ға, ал орта медицина қызметкерлерінің тапшылығы 22%-ға азайды.

Кадрлық шаралармен қатар еңбек жағдайы мен еңбек-ақы төлеу деңгейі де жақсаруда. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жедел медициналық көмек, инфекциялық және санитариялық-эпидемиологиялық қызмет қызметкерлеріне қосымша төлемдер енгізілді.

Жедел медициналық көмек қызметкерлеріне 30%-ға дейін қосымша ақы қарастырылған. Оларды ескере отырып, дәрігердің орташа жалақысы шамамен 463 мың теңгені, фельдшердікі – 312 мың теңгені, жүргізушінікі – 230 мың теңгені құрайды.

Жұқпалы аурулар қызметінің қызметкерлері үшін ерекше еңбек жағдайлары үшін базалық лауазымдық жалақының 350% - дан 540% - ға дейінгі мөлшерінде қосымша ақылар белгіленді. Нәтижесінде дәрігердің орташа жалақысы шамамен 497 мың теңгені, медбикенің орташа жалақысы - 282 мың теңгені құрайды. Бұдан бөлек, жоғары медициналық емес білімі бар санитариялық-эпидемиологиялық қызмет зертханалары мамандарының еңбекақысы көтерілді. Денсаулық сақтаудағы кадр саясаты бірнеше бағытты қамтиды: жаңа мамандарды даярлау, өңірлерге дәрігерлерді тарту, еңбекақыны арттыру және кадрларды жергілікті жерлерде бекіту үшін жағдай жасау. Нәтижесінде медицина қызметкерлерінің тапшылығы біртіндеп азаяды, әсіресе ауылдық жерлерде.

Ел өңірлерінде медициналық көмек қолжетімді бола түсуде

Медициналық инфрақұрылымды жаңғырту тұрғылықты жеріне қарамастан медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру жұмыстарының маңызды бөлігі болып қала береді. 2019 жылдан бері Қазақстанда 1 263 денсаулық сақтау нысаны салынды.

Ірі жобалардың қатарында Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық және Астанада 200 төсектік Жедел медицинаның ұлттық үйлестіру орталығы, Алматыда 350 төсектік инфекциялық аурулардың Ұлттық ғылыми орталығы, сондай-ақ ел өңірлеріндегі жаңа ауруханалар мен емханалар бар. Бұл жобалардың іске асырылуы денсаулық сақтау жүйесінің қуаттылығын арттыруға, мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтуге, оны алу мерзімін қысқартуға, сондай-ақ пациенттер мен медицина қызметкерлері үшін жағдайды жақсартуға мүмкіндік берді.

Соңғы жылдардағы басым бағыттардың бірі – ауылдық жерлерде алғашқы медициналық - санитариялық көмекті дамыту.

1 млн-нан астам ауыл тұрғыны енді тұрғылықты жері бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмек алуға мүмкіндік алды. Қазіргі уақытта 32 аудандық аурухана көпбейінді орталық аудандық аурухана деңгейіне дейін жаңғыртылуда, оның ішінде 12 нысандағы жұмыстар толығымен аяқталды.

Жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін 4 миллионнан астам ауыл тұрғыны облыстық медициналық ұйымдарға бармай-ақ, мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмекті тікелей аудан орталықтарында ала алады.

Цифрландыру денсаулық сақтаудың қолжетімділігі мен тиімділігін арттырады

Цифрландыру азаматтардың денсаулық сақтау жүйесімен өзара іс-қимылын айтарлықтай өзгертуде. 2025 жылы көрсетілген 215 млн-нан астам медициналық қызметтің 190,8 млн-ы немесе 88,6%-ы электрондық форматта ұсынылды.

Медициналық құжаттарды цифрлық форматқа көшіру де жалғасуда. Қазіргі уақытта анықтамалардың 12 түрі цифрландырылды, оның бесеуі тек электронды түрде рәсімделеді. 2025 жылы азаматтарға 8,5 млн-нан астам электрондық медициналық анықтама берілді. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 2,2 есе көп.

Цифрлық сервистер медициналық көмекке қолжетімділікті де айтарлықтай жеңілдетті: 2025 жылы дәрігерге онлайн жазылу қызметін 5,6 млн адам пайдаланды.

2026 жылдан бастап денсаулық жағдайына цифрлық мониторинг жүргізу ауқымы кеңейді. Халықтың негізгі топтарының 100%-ын – 7 млн-нан астам баланы, фертильді жастағы 5 млн әйелді және 400 мың жүкті әйелді қамту жоспарланған. Бұл аурулардың даму қаупін ертерек анықтап, профилактикалық шараларды уақтылы қабылдауға мүмкіндік береді.

2024-2025 жылдары денсаулық сақтау саласына шығындардың ашықтығы мен медициналық қызметтерді есепке алудың дәлдігін арттырған бірқатар цифрлық шешім енгізілді. Face ID технологиясын пайдалану медициналық көмекті негізсіз тұтынуды 7,5%-ға қысқартуға және 2025 жылы шамамен 10,6 млрд теңге үнемдеуге мүмкіндік берді.

Фармацевтика секторында дәрілік заттарды таңбалау жүйесі олардың айналымының ашықтығын арттырды: салық төлеушілер саны 5%-ға, ал салық түсімдерінің көлемі 24%-ға немесе 23,9 млрд теңгеге өсті.

2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап Қазақстанда биологиялық белсенді қоспаларды (ББК) міндетті цифрлық таңбалау енгізіледі. 1 қыркүйектен кейін өндірілген немесе елге әкелінген барлық өнімнің қаптамасында Data Matrix коды – тауардың өрбір бірлігіне берілетін бірегей цифрлық белгі болуға тиіс.

Толық қадағалау жүйесі сәл кейінірек – 2027 жылғы 1 наурыздан бастап іске қосылады. Осы күннен бастап ББК айналымы толық электрондық құжат айналымымен сүйемелденеді, ал нарыққа қатысушылар арасында тауарды өрбір қабылдау-тапсыру операциясы расталуға тиіс.

«Әлеуметтік әмиян» сервисі тегін дәрі-дәрмекпен атаулы қамтамасыз етуді арттырып, препараттарды беруді бақылауды күшейтті. Соның нәтижесінде дәрі-дәрмекті негізсіз тұтыну 3,5 млрд теңгеге қысқарды.

Медициналық көмекті төлеудің бірыңғай жүйесі де көрсетілген қызметтердің көлемі мен құнын асыра көрсету жағдайларын анықтауға мүмкіндік берді. Мұндай фактілер бойынша 6,1 млрд теңге көлеміндегі негізсіз есептеулердің жолы кесілді. Осындай есептеулердің алдын алу үшін автоматтандырылған бақылау барлық деңгейде күшейтілді: Медициналық деректердің бірыңғай қоймасында 200-ден астам форматтық-логикалық тексеру, медициналық ақпараттық жүйелерде – 148, ӘМСҚ жүйелерінде тағы 42 тексеру жұмыс істейді.



Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Исмагуловой Мирамкуля Камысбаевны, умершей 26.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Еримбет А.Б. г.Шымкент ул. Еримбетова 304 Г. 105 каб. тел. 8 701 773 05 60.

*** Открылось наследство после смерти гр. Дауылбаева Сабита Сериковича, умершего 15.08.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Рыскулова 80. тел. 8 707 848 38 58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Адилбековой Айнура Турдалиевны, умершей 23.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Юнусметова Равшана Мирзахметовича, умершего 26.04.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Асильбековой Г.М. г.Шымкент ул.Бейбитшили 22 тел. 8 705 895 71 81.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ахметовой Минаша Алиевны, умершей 07.06.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Рыскулова 80 тел. 8 707 848 38 58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шерметова Шавката, умершего 13.06.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул. Толеби 39 тел. 8 778 591 80 98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бедебаева Тимура Аширалиевича, умершего 24.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Умирбековой М. г.Шымкент пр.Кунаева 59 тел. 8 777 417 72 77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Орынбекова Еркебулана Орынбасаровича, умершего 10.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Еримбет А.Б. г.Шымкент ул.Еримбетова 304 Г. тел. 8 701 773 05 60.

*** Открылось наследство после смерти гр. Толеметовой Перузы Мураткуловны, умершей 22.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ерметова Давлатжана Анарматовича, умершего 02.04.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр.Отырар 59-26 тел. 8 778 402 83 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тажихановой Гулайм Абдихаликовны, умершей 08.06.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Рыскулова 80 тел. 8 707 848 38 58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Имангалиева Амангельды, умершего 10.06.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыс-

тановой Ф.С. г.Шымкент Тамерлан.шоссе 125/4 тел. 8 747 153 02 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Аширбек Габита, умершего 18.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж. С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Еркебаевой Улжана Ахмурзаевны, умершей 16.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Сагындыковой К.Ж. г.Шымкент ул.Казыбек би 49 тел. 8 702 957 94 35.

*** Открылось наследство после смерти гр. Уринбаева Мадияра Сырлыбековича, умершего 10.03.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Адилбековой М.Т. г.Шымкент мкр. Карасу 4 А. кв.27. тел. 8 702 104 12 89.

*** Открылось наследство после смерти гр. Уринбаевой Тилектес, умершей 10.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Дуйсембековой Ф.А. г.Шымкент ул. Елшибек батыра 88 тел. 8 702 146 22 74.

*** Открылось наследство после смерти гр. Утешевой Сярварь Ибрагимовны, умершей 02.10.1994 г. Наследникам обращаться к нотариусу Тен С.К. г.Шымкент пр. Республики 1. тел. 8 701 740 78 80.

*** Открылось наследство после смерти гр. Собянина Софья Мухамедовны, умершей 12.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Мухитдиновой З.Е. г.Шымкент ул. Момышулы 4/15.тел. 8 778 330 24 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Телибаева Муса Берденовича, умершего 26.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан обл. с.Рыскулова ул. Рыскулова 290 тел. 8 708 824 79 95.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ахилбекова Мухата Наршовича, умершего 22.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Пернебаеву Б.А. г.Шымкент ул. Аскарова 5-62 тел. 8 701 714 73 94.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мухаевой Наталья Николаевны, умершей 22.06.2021г. Наследникам обращаться к нотариусу Умирбекову М.А. г.Шымкент пр. Кунаева 59.тел. 8 777 417 72 77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бекжановой Меруерт, умершей 06.02.2026г. Наследникам обращаться

к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр. Отырар 59-26 тел. 8 778 402 83 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Читилова Якова, умершего 24.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Пернебаеву Б.А. г.Шымкент ул. Аскарова 5-62 тел. 8 701 714 73 94.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тулешовой Батпы Карабайкызы, умершей 07.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Акшабаевой А.Б. г.Шымкент ул.Ильяева 22 тел. 8 702 309 40 09.

*** Открылось наследство после смерти гр. Якубекова Калдыбая Давлетовича, умершего 03.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыстановой Ф.С. г.Шымкент Тамерлан. шоссе 125/4 тел. 8 747 159 02 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Асилбекова Асканбека Тлеубергеновича, умершего 19.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Измахановой Г.К. Туркестан. обл. с.Темирлан ул. Рыскулова 5/1 тел. 8 771 600 32 00.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шымирбаевой Жанат Турганбековны, умершей 04.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Алипбек Д.С. г.Шымкент пр. Республики 24 тел. 8 701 744 10 11.

*** Открылось наследство после смерти гр. Конысбекова Гани Серикбаевича, умершего 09.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Орынбасаровой С.Ж. г.Шымкент ул. Молдагулова 12 тел. 8 701 783 84 22.

*** Открылось наследство после смерти гр. Рушанова Сахрата, умершего 08.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Юсуповой Ш. г.Шымкент ул. 1 Мая дом 9-2 тел. 8 778 260 40 23.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кожатаева Абдырахима Байдуллаулы, умершего 02.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Аликулова Ташенбая Мухановича, умершего 03.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан. обл. с.Рыскулова ул. Рыскулова 290 тел. 8 708 824 79 95.

*** Открылось наследство после смерти гр. Босынова Ба-

кира, умершего 01.09.1998г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Босиновой Шарипхана. умершей 25.02.2013г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Макаровой Антонида Григорьевны, умершей 19.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Рашитовой В.В. г.Шымкент ул. Гагарина 54 тел. 8 701 340 92 97.

*** Открылось наследство после смерти гр. Икласова Искака Турлыкуловича, умершего 19.04.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Муздыбаева Марата Махановича, умершего 31.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Султанбекову Е.Т. г.Шымкент ул. Ильяева 4-41 тел. 8 701 718 10 49.

*** Открылось наследство после смерти гр. Еримбетовой Жаннара Шырынхановны, умершей 05.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Сарсенбаевой М.Ш. г.Шымкент мкр. Нурсат 12,1 тел. 8 701 741 94 45.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кунтубаевой Айданы Нурлановны, умершей 28.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Бихановой Ж.Ж. г.Шымкент ул. Байтурсынова 35/1 тел. 8 702 241 92 14.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ембергеновой Танзилы Абдикадировны, умершей 13.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебековой А.М. г.Шымкент пр.Республики 20/24 тел. 8 701 550 09 98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Айткуловой Актоты Кайыповны, умершей 10.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Алтухова Олега Ивановича, умершего 03.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Айнабаевой С.И. г.Шымкент ул. Сайрамская 325/1 тел. 8 705 285 07 08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нурматова Касымбая, умершего 20.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Рыскулова 80 тел. 8 707 848 38 58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Серикбаева Каната Халшараевича, умершего 17.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Куанышеву Ж.Ж. г.Шымкент пр. Республики 44-4 тел. 8 701 788 56 07.

Ликвидация

*** ТОО”Aroma Trade Group” объявляет о своей ликвидации БИН 240740036351, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Туркестанская дом 2/1.

*** ТОО”Turan consulting services” объявляет о своей ликвидации БИН 220540047445, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Туркестан пр. Тауке хана 204.

*** ТОО”Medical City” БИН 170640009117, извещает уменьшение уставного капитала, претензии принимаются в течение 1 месяца с момента опубликования. Казахстан г. Шымкент мкр. Асар ул. Моншакты дом 6.

*** ТОО”QAZAQ tex” объявляет о своей ликвидации БИН 240540011399, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Нуртас ул.Новостройка 1889.

*** ТОО”ZHEKEN STROY” объявляет о своей ликвидации БИН 240240019541, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент квартал 096 дом 2152/2.

*** ТОО”MEDina емдеу орталығы” объявляет о своей ликвидации БИН 201140024232, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент мкр. Ақжайық ул.Сырым батыра 2/18.

*** ТОО”099” объявляет о своей ликвидации БИН 230640038114, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент 112 квартал ул. Динамовский 32.

ДӘРІ ШӨПТЕН ШЫҒАДЫ...



ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ

Ем болатын аурулары:

1. Қант қызылшасын сірке суымен, қышпымамен арластырып ішкізсе, көкбауырдағы бөгеттерді ашады.
2. Бір жақ шеке ауырғанда, аяқ-қол қалтырағанда қант қызылшасының суын балмен араластырып, мұрынга таңса ауру жеңілдейді.
3. Құлақ ауырғанда қант қызылшасы жапырағының суын сығып алып, балмен қосып қайнатып, жылы күйінде құлаққа тамызады.
4. Шаштағы бит пен қайызғақты кетіру үшін қант қызылшасы жапырағының суымен шашты жуады.
5. Іш кірнесіне қант қызылшасын қышқыл сірке суымен қосып қайнатып ішсе, ауырғанды басады.

Пайдалану мөлшері:

40 грамға дейін.

Қант қызылшасының құрамында каротин бар.

Жарамсыз деп танылсын

*** Утеранный документ ИП «Экспресс» ИИН 820729301706 иностранный бланк разрешения для перевозки грузовРоссия виз 3 стран. №0296771 считать действительными.

*** 1994ж. туылған Атажанова Диляфруз Муратжановна атына тіркелген ОҚМФА қайта даярлау курсынан, фармацевтика мамандығы бойынша 07.11.2016ж-03.03.2017ж. аралығында 864 сағатты меңгеріп 21.07.2017ж. алынған №104 куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утеранный документ ИП «Абдулла-Ата» ИИН 820517301248, иностранный бланк разрешения для перевозки грузовБеларусь виз 3 стран № 6217879 считать действительными.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан КАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА -
Бас редактор

Арайлым ӘБСАҒАТ -
журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Ияев көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Мұхтар СЕРИКБАЕВ - Тарату бөлімі
Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

Мақаланың жариялану аясы толған.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 777 34 62

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу
индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Нөмірдің кезекші редакторы - Әлия ҚҰРАЛБЕК

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Тасырыс: №223
Таралымы: 5100

ХАБАРЛАНДЫРУ

“Бес Қара” ЖШС 10 000 бас ірі қараны бордақылау алаңына қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасалған жобалық құжаттарға ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жібек жолы ауылы, кв. 007, уч. 1339

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жылдың 9 қазан сағат 11:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі <https://ndbecology.gov.kz/> порталында танысуға болады, сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> танысуға болады

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала ш.а., 160 кварт., 32 көше e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Бастамашы: “Бес Қара” ЖШС мекенжайы: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жібек жолы ауылы, кв. 007, уч. 1339 БСН 080240016027, тел. +7(776)-869-27-66

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

“Бес Қара” ЖШС барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекенжайы бойынша енгізе алады: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жібек жолы ауылы, кв. 007, уч. 1339 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +7(776)-869-27-66

Географиялық координатасы:

Ендік: 41°30'21.90"С

Белдік: 69°23'13.84"В

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО “Бес Қара” объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектным материалам для получения экологического разрешения на воздействие для откормочной площадки 10 000 голов крупного рогатого скота.

Место проведения: Туркестанская область, Сарыағашский район, с. Жибек жолы, квартал 007, участок 1339.

Дата и время проведения: 9 октябрь 2026 года в 11:00.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: г. Туркестан, мкр. Новый город, кварт. 160, ул. 32. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ТОО “Бес Қара” адрес: Туркестанская область, Сарыағашский район, с. Жибек жолы, квартал 007, участок 1339 БИН 080240016027, тел. +7(776)-869-27-66

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

ТОО “Бес Қара” приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Туркестанская область, Сарыағашский район, с. Жибек жолы, квартал 007, участок 1339 По всем вопросам обращаться по телефонам: +7 (776)-869-27-66

Географические координаты:

Широта: 41°30'21.90"С

Долгота: 69°23'13.84"В

«САЛЫҚ ТӨЛЕУ - ӘР АЗАМАТТЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ»

Салық төлеу – мемлекет алдындағы әрбір азаматтың заңмен белгіленген міндеті. Уақытылы төленген салықтар мемлекеттік бюджеттің қалыптасуына және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосады.

Салықтарды уақытылы төлеу – әрбір азаматтың өз міндетіне жауапкершілікпен қарауының маңызды көрсеткіші. Сондықтан әрбір салық төлеуші өзіне тиесілі салықтарды белгіленген мерзімде төлеп, салықтық міндеттемелерін уақтылы орындауы қажет.

Салық берешегінің қалыптасуына жол бермеу мақсатында азаматтарға өздерінің салықтық міндеттемелерін алдын ала тексеріп, төлемдерді белгіленген мерзімде жүзеге асыру ұсынылады.

Салық мәдениетін қалыптастыру және салықтық міндеттемелерді жауапкершілікпен орындау – қоғамның экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі.

Салықты уақытылы төлеу – заң талаптарын сақтау ғана емес, елдің дамуына қосқан азаматтық үлес.

А.ӨЖЕТБАЙ,

Еңбекші ауданы бойынша МКБ-ның бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шымкентцемент» ЖШС «Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қойкелді батыр көшесі, 22 мекенжайында Шымкентцемент» ЖШС аумағынан шығатын шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды тазартуға арналған, кейіннен тазартылған суды қайта пайдалануға мүмкіндік беретін жергілікті тазарту құрылысын салу». Жобасы бойынша «қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жоба бойынша құжаттама орналастырылған сайттың мекенжайы <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ осы сайтта жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қабылданады. Құжаттама 2026 жылғы 10 қыркүйектен бастап бес жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Шымкентцемент» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по раздел «Охрана окружающей среды» по проекту «Строительство локального очистного сооружения для очистки хозяйственно-бытовых вод с территории с последующим ее использованием для повторного применения ТОО «Шымкентцемент» по адресу: г.Шымкент, Енбекшинский район, ул. Койкелди батыра, 22». Документация по проекту размещена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, на данном сайте также принимаются замечания и предложения по проекту. Документация будет доступна 10 сентября 2026 года в течение пяти рабочих дней.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ КӨРСЕТІЛЕТІН КӨМЕКТЕР?

БАСПАНА ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

Әскери қызметшілердің баспанаға құқығы қызметтік баспана беру немесе тұрғын үй төлемдерін әскери қызметшілердің жеке арнайы шотына аудару арқылы баспанаға мұқтаж деп танылған күннен бастап іске асырылады (Жалпы тұрғын үй қатынастары туралы ЗРК 101-1-бабы).

Тұрғын үйге мұқтаж деп танылғаннан кейін әскери қызметшілер тұрғын үймен қамтамасыз етудің бір жолын таңдайды, ол кейіннен жекешелендіру үшін қызметтік тұрғын үй алу немесе ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алу.

Бұл ретте жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғын үймен (жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың аумағындағы пәтер немесе жатақхана бөлмесі немесе әскери қалашықтан тыс орналасқан жатақхана бөлмесі) қамтамасыз етілген әскери қызметшілер қызметтік тұрғын үйден басқа 50% мөлшерінде тұрғын үй төлемдерін алады.

АҚШАЛАЙ

ҮЛЕСПЕН

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді,

КӨҢІЛ АЙТУ

Жамағат! Қадірі бөлек қимас досымыз Сейсенов Жаңабайдың қайтыс болуына байланысты ағайын-туыс, жекжат-жұрағаттарына, жұбайына, дос-жарандары мен бауырларына, ұрпақтарына қатты қайғырып, көңіл айтамыз:



Қу ажал құрық тастар тұрып алда,
Адамға ақыреттік тыным бар да.
Жоғалту жақсы досты қиын екен,
Жарықтың жалған атты сұры барда.
Күніреніп кетеді екен қара жер де,
Азамат ақтық жолға суырылғанда!
Барарға жолы бар да қайтарға жоқ,
Адамзат тек сол үшін туылған ба!?

Курстас достары.

АГРОСАЛА МЕН ЭКОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ЖАНДАНАДЫ

Ауыл шаруашылығын қолдау, су үнемдеу, жайылым мәселесін реттеу және қалдықтарды қайта өңдеу бойынша нақты міндеттер айқындалды.

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы мен экология салаларындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жұмыстар күшейтіледі. Өңірде агроөндірісті дамыту, су ресурстарын тиімді пайдалану, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жайылымдарды ретке келтірумен қатар, қалдықтарды қайта өңдеу және көгалдандыру бағыттарына да басымдық берілуде.

Бұл міндеттер облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтің төрағалығымен өткен жиында кеңінен талқыланды. Жиында ауыл шаруашылығы, ветеринария, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу салаларындағы жұмыстардың барысы сараланып, алдағы кезеңге нақты міндеттер белгіленді.

Мемлекет басшысы ауыл шаруа-

шылығын заманауи технологиялар негізінде дамыту, су ресурстарын тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне ерекше мән беріп келеді. Осыған сәйкес өңірде қабылданған бағдарламалардың нәтижелілігін арттырып, әр бастаманы нақты көрсеткішпен бекітуге басымдық берілмек.

Жиында «Ауыл аманаты» және «Яссы несие» жобаларының жүзеге асырылу нәтижелері талданды.

Жер қатынастары саласында заңсыз иемденілген жайылымдарды мемлекет меншігіне қайтару және оларды елді мекендерге бекіту бойынша жұмыстарды күшейту қажеттігі айтылды.

Облыста қоршаған ортаны қорғау бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде жүргізілуде. Қазіргі таңда өңір аумағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуді ұйымдастыру мақсатында 6 аймаққа бөлінген.

Бұл аймақтарға жеке кәсіпкерлерді тарту жұмыстары жалғасып жатыр.

Бүгінде қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу саласында жұмыс істеуге 7 кәсіпкер ұсыныс білдірген.

Кәсіпкерлерді қолдау мақсатында «Ауыл аманаты» жобасы аясында 238 млн теңге көлемінде қаржыландыру жұмыстары жүргізілуде.

Бұл бастамалар тұрмыстық қалдықтардың көлемін азайтып қана қоймай, қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыруға, жаңа кәсіп түрлерін дамытуға және қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Экологиялық ахуалды жақсарту бағытында ағаш отырғызу және жасыл желекті көбейту жұмыстарына да басымдық берілуде.

Жауапты басқармаларға ауыл шаруашылығы, су үнемдеу, ветеринариялық қауіпсіздік, жер қатынастары, қалдықтарды қайта өңдеу және көгалдандыру бағыттарындағы жұмыстарды жандандырып, нақты нәтижеге бағытталған шараларды күшейту тапсырылды.